



АСТАНА АКШАМЫ

ӘСЕТТЕЙ САЛ, ӘН САЛСАН

Арқада туып, Алтай асқан, ақыры дәм-тұзы Қытайдың Құлжа аймағында таусылған асқан әнші-композитор, құлашы кең ақын Әсет Найманбайұлының туғанына биыл 150 жыл толды.

Әсет тойы өзі мекен еткен Шығыс Қазақстан облысының Үржар ауданында, Түрксой үйымының қолдауымен Түркияның ҰІстанбул және Анкара қалаларында тойланды. Қарағандыда әнші атында «Інжумаржан» атауымен дәстүрлі әндер байқауы өтті. Алматыда музикалық қойылым қойылды.

Ал Астана қаласының Мемлекеттік академиялық филармониясы жуырда елордадағы «Астана» концерт залында «Әсеттей сал, ән салсан» кешін үйымдастырды.



Кешке Ержан Тоқсабанов жетекшілік ететін «Сарыарқа» халық музыкасы ансамблі қатысып, филармонияның халық әні бөлімінің әншілері әсем әндерді әүелетті.

Әсептің кең тынысты әндері кез келген өнерпаздың оң жамбасына келе бермейді. Әсіресе, «Қысметті» шырқау үшін әншіге қуатты дауыс керек. Концертті осы әнмен ашқан Данияр Мұқан көрермендердің қошеметіне бөленді. Әрі қарай әнші осы қарқынмен «Әсет пен Кемпіrbайдың бақұлдасуын» салды. Классикаға айналған бұл туындыны да орындаушы жақсы алып шыға білді.



«Макпал» әнінің бірнеше нұсқасы бар. Оның бір нұсқасын ҚР еңбек сіңірген қайраткері Гүлзира Бекейханқызы, тағы біреуін Әйгерім Нартуеева тамылжыта шырқады.

Әсет Найманбайұлы әндерін елге жеткізген – көрнекті әнші, композитор, Қазақ КСР Халық әртісі Дәнеш Рақышев. Әсет мектебін қалыптастырыған да сол кісі деп айтсақ, қателесе қоймаспыз. Қазір Дәнештің шәкірттері де Әсептің әндерін шырқап жүр. Айтып қана қоймай, сонынан ерген жас әншілерге үйретіп жүр. Солар шықты сахнаға. ҚР еңбек сіңірген қайраткері Бибігүл Жанұзақ «Інжу-маржан» әнін классикалық стилде шырқап, кешті түйіндеді.

Аманғали ҚАЛЖАНОВ